

Ынтымақтастық жолдары анықталды



2015 жылдың 30 қыркүйек күні облыстық Оқушылар сарайында «2015 - 2016 оқу жылына арналған облыс мектептерімен М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының педагогикалық ұжымының ынтымақтастық келешегі» атты облыстық семинар жиыны өткізілді. Семинарға 49 тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарлары, облыстағы ауданнан, қаладан 25 жалпы білім беру мектептердің психологтары қатысты. Оқушылар сарайының әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Торощина Лилия Леонидовна өткен оқу жылында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту бойынша бірлескен жұмысын жүзеге асырылғаны туралы өзінің сөз сөйлеуінде атап шықты және ынтымақтастықтың жаңа әдістерін ұсынды. Сарайдың басқа бөлімдердің меңгерушілері облыстық жобалары мен сайыстарының жоспарлануын, студиялар, үйірмелер және клубтардың жұмыс бағыты туралы ақпаратпен сөз сөйледі. «Аталар-ардагерлер, немерелер-із-зерттегіштер» мемориалдық мұражайының жетекшісі Сыздыкова Әсем Қабдұллақызы өзінің XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Естелік бейнелер» атты жобасын ұсынды. Оқушылар сарайының әдіскері Шакиримова Вера Саттарқызы «Пионерлерден «Жас Ұланға» дейінгі жол» атты облыстық жобасына белсене қатысуына шақырды және облыстағы балалар қозғалысының тарихына арналған мұражайына экскурсия өткізді. Әдістемелік шығулар аясында шығармашылық алаңдар, сынып жетекшілері үшін тәжірибелік кеңестер тақырып таңдау бойынша семинар қатысушылары нақты ұсыныстарын айтты. Оқушылар сарайының «Жантану» клубы және балалар қоғамдық қабылдауының жетекшісі Коржова Марина Алексеевна психологтардың қатысуымен дөңгелек үстел өткізді. Сарайдың психологиялық қызмет көрсету мектеп психологтарының ынтымақтастық жоспары бірлесіп құрылды. Жалпы білім беру мектептерінің директордың орынбасарлары мен психологтары жоспарланған конференцияларына және оқыту семинарларына қатысу ықыластарын білдірді. Балалар қоғамдық қабылдау отырысындағы «Мен өмірді таңдаймын», «Жанымыздағы қауіпсіздік» атты тақырыптарына үлкен қызығушылық тудырды.